

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІ ЖЕТІЛДІРІЛУДЕ

Жуырда Сенаттың Ғылым, білім және денсаулық сақтау мәселелері комитетінің жиналысы өтті. Жиналыс барысында бірқатар маңызды мәселелер қаралды.

Шараға комитет мүшелері, жергілікті Кеңестердің тұрақты комиссияларының төрағалары, сарапшылар, тиісті министрлік пен кеңселердің өкілдері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері қатысты.

Атап айтқанда, “Халықты әлеуметтік қорғау жүйесін одан әрі жетілдіруге байланысты Өзбекстан Республикасының кейбір заң құжаттарына қосымшалар мен өзгертулер енгізу туралы” және “Өзбекстан Республикасының кейбір заң құжаттарына қосымшалар мен өзгертулер енгізу туралы” заңдар алғашқы рет талқыланды.

БЕЙМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДАҒЫ СЕРПІЛІС

Соңғы жылдары Өзбекстанда азаматтық қоғам институттарын, соның ішінде Беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдардың рөлін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді байланыстырушы көпір ретінде танылған бұл ұйымдар әлеуметтік мәселелерді шешуде белсенділік танытып, халықтың түрлі топтарының мүддесін қорғауға ықпал етуде.

ББҰ — беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдар ретінде қоғамдық игілікке қызмет етеді. Олар білім беру, денсаулық сақтау, экология, жастарды қолдау, әйелдер құқығын қорғау, мүгедектерге көмек көрсету сынды түрлі салада жұмыс жүргізеді. Өзбекстан Республикасында ББҰ-лардың құқықтық негізі бекітілген, олар еркін тіркеліп, өз қызметтерін жүргізе алады.

Бүгінгі таңда республика көлемінде 10 мыңнан астам беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйым тіркелген. Бұл ұйымдар азаматтардың әлеуметтік белсенділігін арттырумен қатар, қоғамдық бақылау, ашықтық пен есептілік қағидаттарын ілгерілетіп келеді.

Сонымен қатар ББҰ мен мемлекет арасындағы өзара ынтымақтастық жыл өткен сайын нығайып келеді. Президент Шавкат Мирзиязевтың бастамасымен жүзеге асырылған бірқатар реформалар аясында бұл ұйымдарға жаңа мүмкіндіктер ашылды. Атап айтқанда, олар мемлекеттік бағдарламаларға, гранттық жобаларға қатысу, әлеуметтік қызметтерді ұсыну сынды бағыттарда белсенділігі артып.

2020 жылдан бастап “Азаматтық қоғамды дамыту стратегиясы” аясында ББҰ-ларға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар беру механизмі кеңейтіліп, қаржылық қолдау көлемі артты.

Президент жанындағы Мемлекеттік саясат және басқару академиясы — елдің басқару кадрларын даярлайтын жетекші оқу орны.

Аталған заң Өзбекстан Республикасы Президенті құзырындағы Әлеуметтік қорғау ұлттық агенттігі тарапынан әзірленген және азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын терең бағалау арқылы мемлекеттік көмекті дәл әрі тиімді жеткізуге бағытталған.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе — интеллектуалдық меншік саласын құқықтық тұрғыдан жетілдіруге арналған “Өзбекстан Республикасының кейбір заң құжаттарына қосымшалар мен өзгертулер енгізу туралы” Заңы болып, онда ин-

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК



Өзбекстан мен Еуропа тіктелу және даму банкі (ЕТДБ) арасындағы стратегиялық серіктестік жаңа серпін алуда. Жуырда Ташкентте өткен маңызды кездесу шеңберінде тараптар экономикалық реформаларды қолдап-қуаттау, жасыл энергетика, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту сынды бірқатар басым бағыттарды талқылады.

Бұл маңызды кездесу Өзбекстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Экономика және қаржы министрі Жамшид Қучкоров пен ЕТДБ-ның президенті Одиль Рено-Бассо басшылығындағы делегация арасында өтті. Оған банк пен министрліктің жоғары лауазымды өкілдері қатысты.

Онда тараптар Өзбекстан экономикасының қазіргі даму қарқынына баға беріп, ішкі жалпы өнімнің өсу динамикасы мен инфляция деңгейін тұрақтандыру шараларын талқылады. Халықаралық қаржы институттары үшін экономикалық тұрақтылық — инвестиция үшін басты критерийлердің бірі екені атап өтілді.

Кездесуде энергетикалық реформалардың жемісі және олардың тиімділігін арттыру механизмдері сөз болды. Атап айтқанда, ЕТДБ Өзбекстанның энергия секторын жаңғыртуға, баламалы қуат көздерін енгізуге және энергия үнемдеуге бағытталған жобаларға қолдау көрсетуге дайын екендігін растады.

Мемлекет иелігіндегі банктерді жекешелендіру, жеке сектордың үлесін арттыру, шағын және орта бизнесі, соның ішінде стартаптар мен жасанды интеллектке негізделген жобаларды қолдау — экономикалық трансформацияның өзегі ретінде қаралды.

Өзбекстанның көлік және логистика саласын дамыту — ЕТДБ үшін де маңызды бағыттардың бірі. Бұл елдің Еуразиялық транзиттік дәліздердегі рөлін күшейту, экспорттық әлеуетін арттыру үшін ерекше маңызға ие.

Тараптар Өзбекстанның ДСҰ-ға кіру үдерісін де талқылап, бұл қадам еліміздің халықаралық экономикалық жүйеге терең интеграциялануы үшін маңызды екендігін атап өтті. ЕТДБ осы жолда техникалық және институционалдық қолдау көрсетуге дайын екені айтылды. Кездесуде әлеуметтік нысандарды жасыл энергиямен қамтамасыз ету, жаңғыртылған энергетикалық технологияларды енгізу және жеке секторды экологиялық жобаларға тарту жолдары қаралды.

Бұдан тыс, тұрғын үй нарығын қаржыландыру, қолжетімді ипотека бағдарламалары мен мемлекеттік-жеке-меншік серіктестік механизмдерін жетілдіру — халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған нақты қадам ретінде бағаланды.

Кездесу соңында тараптар өзара ынтымақтастықты тереңдетіп, болашақ жобалар бойынша белсене әрекет етуге келісті. Өзбекстанның жанару мен ашықтыққа негізделген даму стратегиясы ЕТДБ тарапынан жоғары бағаланды. Бұл серіктестік аймақтағы тұрақты экономикалық өсудің және халықаралық инвестициялық ынтымақтастықтың нақты көрінісі болды.

А.ОСПАНҚЫЗЫ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

ФЕРҒАНА ТАҢҚУРАЙЫ — ЭКСПОРТТА

Соңғы жылдары таңқурай өсіру Ферғана ауданындағы ондаған ауданда экономикалық дамудың драйверіне айналууда. Өз кезегінде инновациялық идеялар мен озық шетелдік тәжірибені өндіріске кеңінен енгізудің нәтижесінде саланың экспорттық әлеуеті жыл санап артууда.



Ферғана ауданының орталығы – Водилдегі бірнеше махаллалар тұрғындарының өз учаскелерінде таңқурай өсіруде тәжірибесі мол. Табиғи емдік қасиеті мол бұл жидек осы өңірде өсіріліп, еліміздің барлық аймақтарына жеткізілуде. Бір қуантарлығы, аудан

диқандары соңғы жылдары жергілікті сұрыпты ғана емес, Еуропа сұрыптарынан да экспортқа шығарып, жоғары өнім мен табысқа қол жеткізуде. Қазіргі таңда облыстағы бес мыңнан астам жеке есік алды иелерінің, фермерлер мен диқан шаруашылықтарының алқаптарында жалпы



мың гектардан астам жерде өсірілген таңқурайдың өнімі әлемдік базарға шығарылуда. Бұл күндері аудандағы “Алпомиш Хосиятхон” бау-бақша шаруашылығында 14 гектар алқапта таңқурай жиналып, экологиялық таза табиғи өнім заманауи гофрленген жәшіктерге салынып, экспортқа дайындалуда. Сапалы өнім өсіруге, таңқурай көшеттерін зиянкестерден тиімді қорғауға, егінді экспортқа дайындауға Ферғана аудандық өсімдіктер карантині және қорғау агенттігінің инспекторлары жақыннан қолдау көрсетуде.

Суреттерді түсірген М.ҚОДИРОВ (ӨЗА)

ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің ең маңызды және жауапты салаларының бірі — мектепке дейінгі тәлім-тәрбие мен оқыту болып отыр. Себебі баланың тұлға ретінде қалыптасуы, дүниетанымының негізі, мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениеті дәл осы кезеңде қалыптасады. Сол себепті мектепке дейінгі білім беру мамандығы — жай ғана кәсіп емес, ол үлкен жүректі, биік жауапкершілікті талап ететін игілікті іс.

Мектепке дейінгі білім беру мамандары — баланың алғашқы ұстазы, тәрбиешісі ғана емес, оның жүрегіне жол таба білетін нәзік психолог, сенімді дос, бағыт беруші педагог. Бұл мамандық иелерінің кәсіби шеберлігі мен адамгершілік қасиеті — баланың тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді. Қазіргі заман тәрбиешісі білімді, жан-жақты, жанашыл, технологияларды мәнгерген, ең бастысы, баланы жан-тәнімен сүйе білетін адам болуы тиіс.

Балабақша — баланың өмірге алғаш бейімделетін ортасы. Бұл ортада бала сөйлеп үйренеді, ойнап жүріп танып-біледі, бірлесіп әрекет етуге дағыланады. Тәрбиеші мен ата-ананың үйлесімді жұмысы осы үдерістің табысты болуына үлкен ықпал етеді. Сондықтан да бүгінгі мектепке дейінгі білім беру мамандары тек педагог қана емес, сонымен қатар отбасы мен қоғам арасындағы алтын көпірге айналуы тиіс.

Білім мен тәрбиенің іргетасы қаланатын осы салада жұмыс істеу — ұлы міндет. Қазіргі жаһандану дәуірінде баланы ұлттық болмысымызға сай тәрбиелеу, тіліміз бен ділімізді сіңіру — мектепке дейінгі тәрбиешінің басты мақсаты болуы қажет. “Бесік тәрбиесінен — ел тәрбиесіне” деген ұлағатты сөз дәл осы сала мамандарына арналса керек.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі білім беру ұлт болашағының алғашқы баспалдағы. Бұл саланың дамуы — мемлекет дамуының кепілі. Сондықтан да болашақ тәрбиешілерді даярлау, оларды қолдау мен көтермелеу — бүгінгі қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі.

Ақбар МАТМУРДОВ,
Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің оқытушысы.

Медицина

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР, БАСТАМАЛАР

Жуырда Ташкент қаласында Өзбекстан Офтальмологтар қауымдастығының ұйымдастыруымен “Офтальмологиядағы инновациялық технологиялар – 2025” екінші халықаралық практикалық конференциясы жоғары деңгейде өтті. Форум Ташкентке алыс-жақын елдердің жетекші офтальмологтарының, ғалымдары мен клиникалары жетекшілерінің басын қосты. Шарада Өзбекстанның жаһандық офтальмологиядағы орнының нығайғаны, сондай-ақ елдің офтальмологиялық көмекке жоғары технологиялық шешімдерді жүйелі түрде енгізудегі тұрақты ілгерілегені айқын көрсетілді.

Аталмыш конференция офтальмологиялық қызметті жаңғыртудың, клиникалық тәжірибеге жасанды интеллектті енгізудің, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған қауымдастық стратегиясының тиімділігін растады. Бұдан тыс, жуырда енгізілген технологиялық бастамаларға ерекше назар аударылды. Олар атап айтқанда, “Navilas 577 nm” жасанды интеллект элементтермен — тордың жоғары дәлдіктегі контактісіз фотокоагуляциясын қамтамасыз ететін жаңа буын роботты лазерлік жүйе. Екіншісі, No-Touch Smart Laser — көзге тікелей жанасусыз сыну қателіктерін лазерлік түзетудің инновациялық әдісі, ол асқын-у қаупін айтарлықтай төмендетеді және жоғары клиникалық тиімділікті сақтай оты-

рып, тұтынушыларға қолайлылық туғызады. Үшіншісі, құрғақ көз синдромын емдеуге арналған лазерлік маскалар. Сонымен қатар, түнгі ортокератологиялық линзалар — ұйқы кезінде миопия мен астигматизмді түзетудің қауіпсіз жолы. Бұл технологиялық шешімдер Ташкент, Қарақалпақстан және басқа облыстардағы 20 мыңнан астам баланы офтальмологиялық тексерумен тегін қамтамасыз ету, шалғай аймақтарды қамту үшін телемедицина және жылжымалы офтальмологиялық топтар құру қауымдастықтың кешенді бағдарламасының бөлігі болып табылады: Халықаралық серіктестікті нығайту қауымдастық қызметінің маңызды бағыты болуда. Соңғы екі жылда Оңтүстік Кореяның, Түркі-

яның, Иранның және Ресейдің жетекші офтальмологиялық клиникаларымен және қауымдастықтарымен стратегиялық келісімдерге қол қойылды. Бұл серіктестік бірлескен ғылыми жобаларды, клиникалық зерттеулерді, білім беру бағдарламаларын және кәсіби тәжірибе алмасуды қамтиды. Қауымдастықтың әлеуметтік миссиясын жүзеге асыру аясында Өзбекстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Республикалық мамандандырылған көз микрохирургиясы ғылыми-практикалық медициналық орталығының бастамасымен NOOR Dubai (UAE) халықаралық ұйымының қолдауымен катаракта ауруы бар 1000 науқасқа офтальмологиялық көмек көрсету бойынша қайырымдылық бағдарламасы іске қосылды. Бұл жоба әлеуметтік қорғауды қажет ететін науқастардың жоғары сапалы хирургияны пайдалануға қол жеткізуге және медициналық көмектің аясын кеңейтуге қызмет етеді. Осы тұрғыда “Офтальмологиядағы инновациялық технологиялар — 2025” халықаралық конференциясының ұйымдастырылуы Өзбекстанның емдеу сапасы, технологиялық даму, жаһандық ынтымақтастық негізгі бағыттарға айналып отырған заманауи офтальмология жүйесін қалыптастыруға белсене қатысуға дайын екенін растайды. **Арухан АҚПАНБЕТОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.**


Кадастр саласында

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Елімізде жерге және мүлікке меншік құқықтарын ресімдеу — халықтың әл-ауқатын арттыруға, заң үстемдігін нығайтуға бағытталған маңызды қадамның бірі. Соңғы жылдары Өзбекстанда азаматтардың тұрмыстық жағдайын жақсарту, тұрғын үй мен жер учаскелеріне меншік құқығын заңдастыру бағытында жүйелі әрі ауқымды реформалар қолға алынып, нақты нәтижелерге қол жеткізілуде.

Президенттің бастамасымен іске асырылып жатқан бұл шаралар тек құжаттық ресімдеулер ғана емес, әрбір отбасының болашағына деген сенімді нығайтатын, азамат пен мемлекеттің өзара байланысын күшейтетін тарихи бетбұрыс. Әсіресе, бұрын өз бетімен тұрғызылған, бірақ заңды мәртебе алмаған баспаналарға қатысты жүргізіліп жатқан жаңа жүйе — халықтың көкейіндегі көп жылдан бергі мәселені шешудің жарқын көрінісі. Жуырда Өзбекстан Республикасы Кадастр агенттігі осы заңның орындалуына арналған баспасөз конференциясын өткізді. Оған Кадастр агенттігі директорының орынбасары Мирсаид Мирмақсұдов, Агенттік басқар-

масының басшысы Бехзод Нисанов және Мемлекеттік кадастрлар палатасы төрағасының бірінші орынбасары Нозимжон Инамов қатысып, заңды жүзеге асыру барысындағы жетістіктер мен алдағы жоспарлар бойынша жан-жақты мәлімет берді. Заң күшіне енгеннен бері еліміз көлемінде ресми тіркелмеген тұрғын үйлер мен нысандарды заңдастыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Алдағы уақытта азаматтар өз бетінше салған тұрғын үйлерін заңдастыру үшін заманауи цифрлық жүйелер арқылы өтініш бере алады. Атап айтқанда, “Хатлов” және “Этироф” атты жаңа ақпараттық платформалар іске қосылып, халыққа ашық әрі қолжетімді қызмет көрсетуге жағдай



жасалды. “Этироф” жүйесі 6 мемлекеттік органмен интеграцияланып, 22 мекемеден 4 мың қызметкерге қолжетімді болды. Заң аясында жергілікті әкімдермен бірлесіп, елді мекендер бойынша жоспарлы тексерулер ұйымдастырылуда. Бұл жұмысқа 4,5 мың кадастр маманы жұмылдырылған, қазірде 1 мың 124 махалланың шекаралары нақтыланды. Ал 2026 жылға қарай тағы 9 мың 452 махалланың әкімшілік шекарасы заңды түрде белгіленеді. Тексерулер екі кезеңде — далалық және камералдық форматта өткізіледі. Бұл бұрынғы жіберілген кемшіліктерді болдырмауға мүмкіндік береді. Құжаттары жоқ нысандармен қатар, құжатталған, бірақ кейін

се, 9 мың 842-сі Әділет органдарында қорытынды алуда. Сонымен қатар 235 нысан халық депутаттары Кеңестерінде қаралып жатыр, ал 389 нысан бойынша меншік құқығы танылып, тиісті шешім қарастырылды. Жалпы айтқанда, бұл ауқымды жұмыс еліміз тұрғындарының меншік құқығын қорғауға және олардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты қадам. Ең бастысы, әрбір азамат өзінің тұрғылықты үйіне заңды иелік ету мүмкіндігіне ие болып отыр. Бұл — мемлекет пен халық арасындағы сенімді нығайтатын, әділдік пен тәртіпті қамтамасыз ететін маңызды бастама. **Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ, “Нұрлы жолдың” тілшісі.**



Тұсаукесер

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

“Өлемде дәлелді талап етпейтін бір ақиқат бар: кез келген мемлекеттің өркениеті салауатты және білімді ұрпаққа байланысты. Сондықтан Жаңа Өзбекстанды құру жолында салауатты, білімді, терең пікірлейтін, отансүйгіш жастарды тәрбиелеу үшін бар мүмкіндіктерді жасауымыз шарт және қажет” деген сөзді мемлекет басшысы текке айтпаған болатын.

Жуырда Адам құқықтары бойынша Өзбекстан Республикасы Ұлттық орталығында “Атамның ауласы” атты өлеңдер жинағы кітабының тұсаукесері өтті. Орталық қызметкері, ақын, аудармашы, Өзбекстанға еңбегі сіңген журналист Ғүлом Мирзоның қаламынан туындаған жаңа кітап 2025 жыл — “Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл экономика” жылына” орай жарық көрді. Тұсаукесерде Адам құқықтары бойынша Өзбекстан Республикасы Ұлттық орталығының директоры, академик Акмал Саидов сөз сөйлеп, бүгінгі шара дәл Халықаралық балаларды қорғау күніне арнап өткізілуінде рәміздік мағына бар екенін тілге тиек етті. Бүгінде Өзбекстанда 18 жасқа дейінгі балалардың саны 13 миллионнан астамды, яғни жалпы тұрғындардың 35 пайызға жуығын құрауда. Бұл үлес жыл сайын шамамен 1 миллионға көбейуде. Осы екі цифрдың өзі де Жаңа Өзбекстанда балаларға деген қамқорлық пен назардың мемлекет деңгейіне көтерілгенін дәлелдейді. Мемлекетімізде балалардың құқықтары, еркіндіктері мен заңды мүддесін

қамтамасыз ету ең үстем мәселе саналады. Жаңа кітап балаларға арналған. Оның беттерінен орын алған өлең-тақпақтарда балалар, қоршаған орта, табиғат және өлең, адам құқықтары мен экология арасындағы өзара байланыс анық та түсінікті етіп берілген. Бүгінде экологиялық қауіп-қатерлер, бір жағынан қазіргі кезеңге сай жаһандық қауіп саналса, екінші жағынан адам құқықтары саласындағы күрделі мәселелердің қатарына жатады. Климаттық дағдарыс пен табиғи апаттардан барлық адам зардап шегуде. Әсіресе, климаттың өзгеруі салдарынан балалар көп зиян шегуде. Сол тұрғыдан алып қарағанда, мемлекетіміз басшысының бастамасымен Жаңа Өзбекстанда климаттық өзгерістерге қарсы күресу, қоршаған ортаны қорғау және биоэралуандылықты сақтау істеріне тұрақты түрде назар аударылып жатқаны өте маңызды. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі 2017 жылғы 19 апрельде Париж келісімін ратификациялады. Сондай-ақ Өзбекстан Балалар, жастар, сондай-

ақ климат өзгеруіне қарсы күресу іс-әрекеттері туралы декларацияға қосылған. Жаңа басылымдағы Конституциямызда табиғи ресурстарды, соның ішінде су бассейндерін қорғау асты резервтерін мән жер бойынша талаптар нығайтылды. Бұл маңызды құқықтық адымдар мемлекетіміздің шын мәнінде балалардың бақытты өмірі мен жарқын болашағы үшін күресудегі әрекеттің айқын дәлелі. Тұсаукесерде “Тонг юлдузи” газетінің Бас редакторы Феруза Адилова, Өзбекстан Жазушылар одағының мүшесі, балалар ақыны Дилшод Ражаб, тағы басқалар сөз сөйлеп, табиғат, шығармашылық және адам құқықтары арасындағы үздіксіз байланыстың маңызы туралы айтты. “Атамның ауласы” кітабы — табиғатқа деген мейірдің проза және бейнелеу арқылы үндестіктің өзіне тән мақтауы болып табылады. Осы кітаптан “Адам құқықтары — балалардың көзқарасында”, “Байлықты балалықтан сақтаңыз!”, “Табиғат- ана” сынды байқауларға келген алуан түрлі суреттер де орын алған. Шара барысында балалар мүшәйрасы өтті. Жыр мүшәйрасында белсенділік танытқан оқушы-жастарға ең жақсы сыйлық болған кітаптар тарту етілді. Сондай-ақ Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасына да кітаптар ұсынылды. Ал жаңадан жарық көрген кітапта суреттері шыққан балаларға да кітап жеткізіліп беріледі. **Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.**

Кездесу

ҰЛТТЫҢ ҰЛАҒАТЫ – ҰРПАҚ ҮНДЕСТІГІНДЕ

Бүгінгі таңда елімізде Президент Шавкат Мирзияевтың бастамасымен саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени салаларда түбегейлі реформалар мен жаңа даму кезеңі жүзеге асырылуда. Еліміз өркениетті мемлекеттер қатарынан лайықты орын алуы үшін жасалып жатқан бұл батыл қадамдар — ең алдымен, адам қадірін ұлықтауға, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға, жастар мен аға буын арасындағы алтын көпірді берік етуге бағытталған.

Мемлекеттің болашағы — жастардың қолында десек, сол ұрпақтың ел тұтастығына бейжай қарамайтын, белсенді, білімді әрі отансүйгіш болып қалыптасуы — бүгінде ұлттық идеологияның басты арқауына айналды. Осы мақсатта еліміз көлемінде түрлі әлеуметтік-мәдени жобалар қолға алынып, жастарға жан-жақты қолдау көрсете-

тілуде, ұлттық құндылықтарды жаңғырту, тарихи жақты сақтау, дәстүр мен замана үндестігін табу — мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне айна-луда. Осы орайда, ұлттың рухани тұтастығын қамтамасыз ететін аға буынның өмірлік тәжірибесі мен жастардың тың идеяларын тоғыстырған “Үш ұрпақ кезде-



суі” секілді шаралар — елдік мүдденің жарқын көрінісі. Мұндай басқосулар арқылы қоғамның рухани негіздері нығайып, бірлік пен берекеге бас-тар жол айқындала түседі. Дәл осы айтылғанның айқын дәлелі жуырда Бөке ауданындағы “Бахор” салтанат сарайында өтті. Басқосу аудан әкімдігінің бастамасымен жастарға рухани азық

сыйлап, аға буынның өмірлік өнегесін дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды. Оған Өзбекстан Республикасы Президентінің кадрлар саясаты мәселелері бойынша кеңесшісінің орынбасары — Президент халық қабылдау бөлмесінің басшысы У.Мухаммадиев, Ташкент облыстық халық қабылханасының басшысы

Е.Қудратов, Бөке ауданының әкімі Б.Бегматов, ардагерлер, қоғамдық ұйымдар өкілдері мен ауданның белсенді жастары қатысты. Кездесу алдында У.Мухаммадиев аудан орталығында жаңадан бой көтерген “Нуронийлар маскани” орталығына арнайы барып, ардагерлерге жасалған жағдайлармен және қолайлылықпен жақынан танысты. Бұл орталық егде жастағы азаматтардың белсенді өмір сүруіне, қоғамдық істерге араласуына кең жол ашып отыр. “Үш ұрпақ кездесуі” аясында өткен жүздесуде аға буын өкілдері өздерінің өмірлік тәжірибелері мен тағылымды естеліктерін жастармен бөлісті. Сана-лы ғұмырын туған еліне адал қызмет етуге арнаған ақсақалдардың ақ батасы мен кеңестері жас ұрпаққа бағыт-бағдар, рухани бағдаршам іспеттес болды. Тәуелсіз әрі гүлденген елі-

мізде еркін де бақытты өмір сүру — әрбір азаматтың арманы. Осы ұран аясында түрлі ұлт өкілдерінен құралған аудан тұрғындары “Азат әрі гүлденген Отанда еркін де бақытты өмір сүрейік” ұстанымымен ұлттық колөнер ұйымдары мен мәдени көрмелерін жұрт назарына ұсынды. Көрме еліміздегі бейбітшілік пен татулықтың айғағы, мәдени саналуандылықтың үндестігі мен ұрпақтар сабақтастығының көрінісі болды. Халықаралық деңгейдегі өнер туындылары мен көнеден жеткен мұралар көрерменге ерекше әсер қалдырды. Шара соңында сөз алған аудан басшылығы мен мәртебелі қонақтар осындай игі дәстүрді жиі өткізу қажеттігін атап өтті. Олар мұндай кездесулер жастардың бойында рухани жігер, ұлттық мақтаныш пен отансүйгіштік сезімін оятатынын, аға буынмен етене араласу олардың дүниетанымын кеңейтетінін ерекше атап өтті. “Үш ұрпақ кездесуі” сынды тағылымды кездесулер — бір күннің ғана емес, біртұтас ұлттың болашағына бағытталған мәні терең, мазмұны бай шара. Мұндай басқосулар — тарих пен тағылымды, өткен

мен келешекті жалғайтын алтын арқау. Аға буынның өмірлік тәжірибесі мен парасаты, орта буынның қоғамға сіңірген ерен еңбегі, жас ұрпақтың алға қойған биік мұраты — бәрі бір арнаға тоғысып, елдік сана мен қоғамдық тұтастықты қалыптастырады. Бүгінгі ұрпақ — еліміз тәуелсіздігінің тірегі, ертеңгі күннің иесі. Олардың бойына ұлттық рух пен тарихи сананы сіңіру — әр буынның қасиетті борышы. Осы орайда мемлекетіміз жүзеге асырып жатқан реформалар мен әлеуметтік бастамалар жастардың білім алуына, рухани кемелденуіне, еліміздің болашағына сеніммен қарауына зор мүмкіндік туғызып отыр. Бейбітшілік пен бірлік, ұрпақтар үндестігі мен рухани сабақтастық — мызғымас мемлекет негізінің басты тұғыры. Ал осындай ізгілікке толы шаралар сол берік негіздің тірегі болып қала бермек. Ұрпақтар үнқатысуы — елдің ең асыл байлығы. Өткеннің өнегесі мен болашақтың үміті үндескен жерде ғана ұлттың рухы асқақтап, мемлекет мәңгі жасайтыны ақиқат. **Үсенбай БАТЫРБЕКОВ, “Нұрлы жолдың” тілшісі.**

Әр бала — бір әлем

ЖЕКЕ БІЛІМ БЕРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бүгінде еліміздің мектептерінде мыңдаған оқушы бірдей тартада отырып, бірдей сабақты тыңдауда. Бірақ сол оқушылардың әрқайсысы — өз алдына жеке тұлға, олардың дүниетанымы, білім алу қарқыны мен қызығушылықтары бір-біріне ұқсамайды. Осы айырмашылықты ескермей, бәріне ортақ, “бірдей” тәсіл қолдану — оқушының табиғи қабілетін көрмей, оны елемей деген сөз.

Дәстүрлі сабақтар, қалып-қа салынған оқыту, “бәріне бірдей” әдістеме — оқушыларды бір қалыпқа салуға тырысу. Алайда әр баланың қабілеті — қайталанбас, ерекше. Осындай жағдайда білім беруде жеке көзқарас, жеке тәсіл қолдану қажеттілікке айналуда. Жеке білім беру дегеніміз — оқушының ерекше қабілетін, білім алу қарқынын, психологиялық жай-күйі мен қызығушылықтарын ескере отырып, оқу үдерісін бейімдеу. Мысалы, кей балалар көріп үйренгенді жақсы көреді, біреулер есту арқы-

лы тереңірек тануға, сабақтарын жеке жоспарлауға мүмкіндік алады.

Үшіншіден, бұл бүкіл қоғам үшін тиімді. Әр бала өз жолын тапқанда, оның әлеуеті қоғам игілігі үшін жұмыс істейді. Бұл өте маңызды.

Себебі әр баланың өз “жұлдызы” бар. Бірі — математик болып, бірі — сурет өнерінен, тағы бірі — спорттан жарқырай алады. Егер біз барлық балаларды тек тестке дайындаумен шектелсек, олардың ішіндегі шынайы дарыны көмескі тартады. Ал жеке оқыту арқылы біз әр баланың ішкі әлемін ашамыз, оны дамытамыз, қолдаймыз.

Әр баланың — өз дауысы бар. Біз — ұстаздар, атааналар, қоғам — сол дауысты ести білуіміз, оған жол ашуымыз керек. Білім беру — жай ғана сабақ өткізу емес, ол адамды танып-білу өнері. Ал жеке оқыту тәсілі осы өнердің заманауи, тиімді әрі ізгілікті жолы.

Мавлуда АЧИЛОВА, Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің доценті.

Руханият

БОЛАШАҚ ТӘРБИЕШІСІ

Біз “тәрбиеші” деген сөзді естігенде, көз алдымызға ертегі оқып, балалармен ойын ойнап отырған мейірімді балабақша қызметкері елестейді. Бірақ болашақ жақындап қалды. Ал онымен бірге бұл мамандықтың мәні мен мазмұны да өзгеріп келеді. Ендеше, болашақтың тәрбиешісі кім? Ол бұрынғыдан несімен ерекшеленеді?

Қазіргі заман балалары — смартфондар, жасанды интеллект және виртуалды әлем ішінде дүниеге келіп жатыр. Олар үш жасында-ақ телефонды қоса алады, ал беске келгенде — дауыстық көмекшіні шақыруды меңгеріп алған. Бірақ олар мейірімділікке, достыққа, басқаны тыңдап, түсіне білуге үйреніп үлгере ме? Болашақтың тәрбиешісі — жай ғана педагог емес. Ол баланы адам болуға үйрететін жан. Ол баланың тек ақыл-ойын ғана емес, жүрегін де тәрбиелейді. Эмпатия, ұжыммен жұмыс істеу, эмоциялық интеллект сияқты “жұмсақ дағдыларды” қалыптастырады — мұны ешбір гаджет бере алмайды. Мұндай тәрбиеші — нағыз көпқырлы маман: педагог, психолог, модератор, IT-технологияны меңгерген қолданушы әрі аздап әртіс те. Ол балаларға күрделі дүниені қарапайым тілмен түсіндіре алады, әр баламен жеке байланыс орнатып, оның мінезі мен қабілетін ескеріп жұмыс істей алады.

Иә, ол заманауи технологияларды қолданады. Бірақ сонымен қатар ол тірі қарым-қатынастың маңызын жақсы түсінеді. Ешбір планшет адам жанынан шық-

қан жылы күлкі мен шынайы қолдаудың орнын баса алмайды.

Бүгінгі әлем өте тез өзгеруде. Сол себепті болашақтың тәрбиешісі де дамудан қалыспауы тиіс. Ол үнемі ізденісте: жаңа әдістерді меңгереді, нейропсихологияны, креативті оқыту жолдарын, күйзеліске төтеп берудің тәсілдерін зерттейді. Себебі балалар — уақыттың айнасы, ал оларды түсіну үшін заманмен қатар жүру керек.

Болашақ балабақшадан басталады. Өйткені дәл осы жерде тұлғаның негізі қаланады: мінез-құлық, дүниетаным, өмірлік құндылықтар. Осы кезеңде баланың жанында кім болатыны өте маңызды. Бұл, тіпті мектептегі мұғалім немесе университеттегі ұстаздан да әсерлі болуы мүмкін.

Болашақтың тәрбиешісі — жүрегі балаларға деген махаббаттан шаршамайтын жан. Ақылы — жаңалыққа ашық, ал жаны — әлі де балалықтың жылуын жоғалтпаған. Ол — бүгінгі күрделі, бірақ таңғажайып әлемде өсіп келе жатқан кішкентай адамдар үлгі тұтатын тұлға.

Нодира МАРИПОВА, Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің оқытушысы.

Рухани қазына

САЛАДА МУЗЫКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі заманда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде музыкалық сабақтарға ерекше көңіл бөлінуде. Себебі ол баланың жан дүниесін, талғамын, дүниетанымын тәрбиелеудің қуатты құралы. Мемлекеттік білім беру стандарттары, бағдарламалар, оқулықтар мен әдістемелік құралдарды заман талабына сай жаңғырту — күн тәртібіндегі маңызды міндеттердің бірі.

Музыкалық тәрбиенің ең басты мақсаты — жас ұрпақты ұлттық музыкалық мұрамыздың лайықты мұрагері етіп тәрбиелеу. Сонымен қатар, оларды музыка байлығын түсіне білетін, жан-жақты дамыған, мәдениетті, тек өз халқының емес, өзге ұлттардың да дәстүрі мен өнеріне құрметпен қарайтын азамат етіп қалыптастыру.

Музыка — адамның нәзік жан дүниесін бейнелейтін, сұлулық пен үйлесімділікке үндейтін күш. Балаларға нәзіктік пен әсемдікті сезін-

сай, халық шығармашылығын кезең-кезеңімен енгізу ұсынылады.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралдарда берілген музыкалық жаттығулар мен репертуарлар арқылы балаларда Отанға деген сүйіспеншілік, еңбекқорлық, табиғатқа жанашырлық, достық пен мейірімділік сияқты адами құндылықтар музыкалық образдар арқылы бойға сіңіріледі.

Қорыта айтқанда, музыка — баланың рухани әлемін тәрбиелеудің алтын кілті. Ол тек қана өнер емес, ол — тәрбие, адамгершілік пен ұлттық сана негізі. Мектепке дейінгі тәрбиеші мен музыка жетекшісі осы үлгі міндеттің жүгін абыроймен атқаруы үшін, заманауи біліммен қатар, ұлттық болмыс пен өнерге де терең бойлауы тиіс.

Гавхар САЙДҚУЛОВА, Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің оқытушысы.

Бастауыш білім беру

УНИВЕРСИТЕТТІҢ МАҢЫЗДЫ МИССИЯСЫ

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде бастауыш білім беру ерекше маңызға ие. Бұл кезең — баланың интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуының негізі болып табылады. Өзбекстанның жоғары оқу орындары, әсіресе педагогикалық университеттер, бастауыш білім беру сапасын арттыруға, әдістемелерді жетілдіруге және болашақ мұғалімдерді сапалы даярлауға үлкен үлес қосып келеді.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың оқу сауаттылығы, өздігінен білім алу қабілеті, шығармашылық ойлау дағдылары қалыптасады. Осы кезеңде білімнің дұрыс құрылуы болашақта оқушының озат оқуы мен

тұлға ретінде қалыптасуы үшін өте маңызды.

Сондықтан да университеттер педагогика ғылымының жаңа жетістіктерін, заманауи технологияларды, психология мен педагогикадағы инновацияларды

Спорт

КҮРЕС – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Күрес — қазақ халқының көне замандардан келе жатқан ұлттық спорт түрі ғана емес, ұлт рухының, ерлік пен батырлықтың белгісі. Ұлттық салт-дәстүрімізбен сабақтас бұл өнер — ата-бабаларымыздың ұлы мұрасы, ұлттың жүрегінде жатталған құндылық. Бүгінде күрес тек спорт емес, ұрпақ тәрбиесінің, ел намысы мен отансүйгіштіктің айқын көрінісі ретінде өрісін кеңейтіп келеді.

Қазақ күресінің шығу төркіні тереңде жатыр. Тарихи деректерде айтылуынша батырларымыздың жас күнінен күреспен айналысқаны, күш пен ептілікті шыңдап, соғыс өнеріне дайындалғаны туралы мәліметтер жеткілікті. Елдің намысы сынға түскен кезде күрескер бабаларымыздың жауға қарсы қайсарлықпен шыққаны, күрестің тек

дене қуаты ғана емес, рухани ерліктің де мектебі болғанын дәлелдейді.

Күрестің басты ерекшелігі — әділдік пен ар-намысты бәрінен биік қоюында. Мұнда қарсыласынды құрметтеу, әдіс-айланы таза қолдану, ережені бұзбай жеңіске жету — басты шарт. Сондықтан да бұл спорт түрі жастарды адалдыққа, сабырлыққа, төзім-

Баскетбол

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ТАҢДАУЫ

Бүгінгі таңда әлем спортының алдыңғы қатарында тұрған, жанкүйерлердің ерекше ықыласына бөленген спорт түрлерінің бірі — баскетбол. Бұл ойын тек денсаулықты нығайтып қана қоймай, жастарды тәртіпке, ұйымшылдыққа, шапшаң ойлауға, жауапкершілікке баулиды. Өзбекстанда да баскетбол соңғы жылдары кең құлаш жайып, мектептер мен жоғары оқу орындарында ерекше қызығушылық оятуда.

Баскетбол — АҚШ-та пайда болғанымен, бүгінде бүкіл әлем бойынша танымал спорт түріне айналды. Жеңіл атлетика мен футболдан кейінгі ең тартымды ойын саналатын баскетбол теледидар мен интернет арқылы миллиондаған көрермендердің сүйікті шоуына айналған. Өзбекстанда бұл ойын ресми түрде XX ғасырдың ортасында дами бастады. Бүгінде елімізде түрлі жас ерекшеліктеріне арналған бірқатар командалар мен лигалар жұмыс істейді.

Баскетбол — тек физиологиялық күш пен шапшаңдықты талап ететін ойын ғана емес, ол — ұжыммен жұмыс істей білу өнері. Әр ойыншы команда мүддесі үшін ойнап, жеңіске бірге ұмтылады. Бұл қасиеттер кез келген адамның өмір жолында, мамандық таңдауында, қоғамда өз

орнын табуда маңызды рөл атқарады.

Жастар арасында көшбасшылық қасиетті қалыптастыру, спорт арқылы патриоттық сезімді ояту — қазіргі білім мен тәрбие беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Баскетбол осы мақсаттарға жетудің тиімді жолдарының бірі екенін уақыт көрсетіп отыр.

Қорыта айтқанда, баскетбол — дене шынықтыру ғана емес, өмір мектебі. Бұл ойында тәртіп, еңбекқорлық, ұйымшылдық секілді өмірлік маңызды қасиеттер шыңдалады. Сондықтан баскетбол — бүгінгі жас ұрпақтың таңдауы, ертеңгі ұлт болашағының кепілі.

Талғат РАХМАТУЛЛАЕВ, Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің оқытушысы.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ ТІРЕГІ

Қазіргі жаһандану дәуірінде адамның физиологиялық және рухани саулығы басты құндылықтардың біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, спорт — тек жарыс немесе жеңіс үшін ғана емес, ол — ұлт денсаулығының, тәртіптің, табандылықтың және ауызбіршіліктің қайнағ көзі. Бүгінгі таңда спортпен шұғылдану — салауатты өмір салтының ажырамас бөлігіне айналуы тиіс.

Президент өзінің Жолдауларында ұдайы түрде бұқаралық спортты дамытуға ерекше назар аударып келеді. Бұл кездейсоқтық емес. Себебі спортпен айналысатын халық — дені сау, рухы биік, болашаққа сеніммен қарайтын халық. Әсіресе, жастар үшін спорт — өмір мектебі, ерік-жігерді шыңдайтын арена.

Бүгінгі таңда елімізде спортқа ерекше көңіл бөлінуде. Жаңа спорт кешендері бой көтеріп, ауыл-аймақтарда да жаттығу залдары ашылып жатыр. Бұл — мемлекетіміздің болашаққа деген стратегиялық инвестициясы. Сонымен қатар, халықаралық ареналарда көк байрағымызды желбіретіп жүрген спортшыларымыз — жас ұрпаққа үлгі бола алады.

Спорт — тек денсаулық кепілі ғана емес, ол — отансүйгіштік рухтын, ұлттық намыстың көрінісі. Әрбір жарыста ел атынан шығу — үлкен жауапкершілік.

меңгеріп, оларды практикаға енгізуге тырысады. Бұл бағытта университеттер бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау сапасын үздіксіз арттырып, олардың кәсіби деңгейін көтеруге бағытталған бағдарламалар әзірлейді.

Сонымен айта келе, Шыршық мемлекеттік педагогика университетінде бүгінгі таңда жаңартылған оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасап, болашақ мұғалімдерге білім мен дағдыны тиімді түрде үйретеді. Сонымен қатар, университетте зерттеу жұмыстарына да үлкен көңіл бөледі. Педагогикалық әдістердің тиімділігі мен олардың мектеп практикасына ықпалы туралы ғылыми зерттеулер де жүргізіледі.

Бүгінде университеттер онлайн оқу платформаларын, интербелсенді технологияларды, мультимедиялық құралдарды

қолдануды кеңінен енгізуде. Бұл мұғалімдердің кәсіби дамуына септігін тигізіп, бастауыш сынып оқушыларын қызықты, әрі тиімді оқытуға мүмкіндік береді.

Өзбекстандағы бастауыш білім беру жүйесін жетілдіру — бұл еліміздің болашағын қамтамасыз ететін стратегиялық міндет. Университетіміз осы үдерістің негізі болып, сапалы мұғалімдерді дайындап, білім беру сапасын арттыруға бағытталған ғылыми және әдістемелік жұмыстарды жүзеге асыруда. Осылайша, олар еліміздің білім беру саласындағы ұлттық саясаттың табысты жүзеге асуына айтарлықтай үлес қосып келеді.

Қ.МАМБЕТАЛИЕВ, Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің доценті.

ділікке, өз-өзін бақылауға тәрбиелейді.

Ұлттық күрестің келешегі жастардың қолында. Бүгінде еліміздің әр түкпіріндегі мектептер мен спорт кешендерінде күрес секциялары жұмыс істейді. Дарынды балғындарды баулып жүрген білікті жаттықтырушылар саны артып келеді. Бұқаралық спортты дамыту, күресті ауыл-аймақтарға кеңінен тарату — бұл ел денсаулығының, ұлттық сана мен дәстүрдің сақталуының кепілі.

Бүгінгі қоғамда күрестің рөлі ерекше. Ол — салауатты өмір салтының рәмізі, мәдениетіміздің ажырамас бөлігі. Ұлттық күресіміз арқылы әлем халқына қазақ халқының рухани байлығын, мызғымас ерік-жігері мен өршіл мінезін танытып келеміз. Бұл — үлкен жетістік.

Қорытындылай келе, күрес бұл жай ғана спорт емес, ол — тарих, мәдениет, болашақ ұрпақтың бойына сіңетін ұлттық рух. Оны көз қарашығындай сақтап, дамыту әрқайсысымыздың азаматтық парызымыз.

Элмұрат СОАТОВ, Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің доценті.

Тілсіз жау

НЕГІЗГІ БАҒЫТ

Ташкент қаласындағы болып жатқан өрттердің себебі үйреніліп, олардың алдын алуға бағытталған Жол карталары шығарылуда. Мұнда өрт жағдайының басым бөлігі тұрғын үйлерде болатындықтан, мамандар тарапынан тұрғындар арасында апаттың алдын алу істері негізгі бағыт етіп белгіленген. Соның негізінде қазірде апаттың алдын алу мақсатында аумақтарда жауапты өкілдермен және тұрғындармен түсіндеру істері жүргізілуде.

С.ЗОКИРОВ, Өзбекстан Республикасы Тұңғыш Президенті И.Каримов атындағы ғылыми-ағарту жөдігерлік кешенінде ӨҚТБ-ның инспекторы.

АЛДЫН АЛУҒА ЖАУАПТЫМЫЗ

Өткен кезең барысында жұртшылық өкілдерімен ынтымақтастықта тұрғын үйлерде түсіндіру-насихаттау істері жүргізіліп, онда азаматтарға өрт кезіндегі өректтену тәртібі түсіндірілді. Бұдан тыс, бұқаралық ақпарат құралдарында да түсіндіру істері мен профилактикалық шаралар ұсынылды. “Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Маңызды 30 күн” аясында мамандардың жүргізіп жатқан іс-әрекеті тұрғындарды, қоғамды, мемлекет мүлкін келеңсіздіктерден қорғауға бағытталуда.

А.АБДУРАИМОВ, Өзбекстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ӨҚТБ-ның инспекторы.

ЖОСПАР НЕГІЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

“Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Маңызды 30 күн” аясында сала қызметкерлері тарапынан едәуір істер атқарылуда. Жоспар бойынша жүргізіліп жатқан профилактикалық істерге азаматтардың өзін-өзі басқару органдары, газ және электрмен қамтамасыз ету кеңселерінің қызметкерлері де белсенді қатысуда. Осы арада баршаңызды өрттің алдын алу істеріне өз үлесіңізді қосуға және қауіпсіздік ережелеріне көңіл бөлуге шақырамыз.

А.ОМОНБОВЕ, Ш.ХАМРОВЕВ, Уchteпа аудандық ТЖБ-ның инспекторлары.

БӨРІМІЗ ЖҰМЫЛА КІРСЕЙІК

Статистикалық мәліметтерге қарағанда өрт жағдайының 90 пайызы тұрғын үйлерге тура келеді. Бұған тұрғындардың қауіпсіздік ережелеріне немқұрайдылықпен қарауы себеп болуда. Сала өкілдерінің түсіндіру істеріне қарамастан, азаматтардың апатқа салғырттық танытуы өкінішті. Апаттың алдын алуға, көңіліздіктерді болдырмауға мамандар ғана емес, баршамыз бірдей жауапты екенімізді ұмытпайық.

А.ХАСАНОВ, “Бунаядкор” спорт алаңында ӨҚТБ-ның кіші инспекторы.

